

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Сауда және интеграция министрінің
2022 жылғы «29» желтоқсандағы
№ 508-НҚ бұйрығына
12-қосымша

«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қарағанды облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қарағанды облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) ішкі сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау салаларында реттеушілік, іске асырушылық, бақылау функцияларды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Департамент заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Гоголя көшесі, 34 ғимарат.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қарағанды облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - республиканское государственное учреждение «Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Карагандинской области».

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен

мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) тұтынушылардың құқығын қорғау саласында біртұтас және тиімді саясатты қалыптастыру;

2) ішкі сауданы дамыту және реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан, реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) реттелетін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру;

3) жеке және заңды тұлғалар тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе ұйғарымдарды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

4) реттелетін саладағы аумақтық бөлімшелер мен ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға өз құзыретінің шегінде консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

5) реттелетін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;

6) өз құзыретінің шегінде консультативтік-кеңесші және сараптау комиссияларын құру;

7) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

8) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

9) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;

10) Министрлік және сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеттері басшылығының жетекшілік ететін бағыттар бойынша нұсқаулары мен тапсырмаларын орындауға міндетті;

11) Департаменттің ішкі сауда саласындағы қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажет болған жағдайда ішкі сауда саласындағы есептік деректерді Сауда комитетіне ұсыну;

12) Департаменттің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажет болған жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы есептік деректерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне ұсыну;

13) жеке және заңды тұлғалардың хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосуларды, сұрау салуларды және жолданымдарды тыңғылықтылықпен, мұқияттылықпен қарау;

14) Департамент жұмысында «халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделінің қағидаттарын іске асыру, Департаменттің азаматтар мен азаматтық қоғам институттары үшін қолжетімді болу;

15) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлеу;

3) сауда инфрақұрылымын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржалары және биржалық сауда қызметінің мәселелері бойынша ақпарат жариялау;

5) сауда қызметін дамыту, сондай-ақ тауарларды өндіру және сату үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізуге бастамашылық ету, қатысу және оларды ұйымдастыру.

7) мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен реттелетін саладағы мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

8) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

9) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалардың, стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

10) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

11) мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

12) реттелетін саладағы, бюджетті жоспарлау және орындау, бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

13) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының сақталуын жоспардан тыс тексеру және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын бұзу фактілері бойынша мемлекеттік органдардан, тұтыну дауларын сотқа дейін реттеу субъектілерінен, тұтынушылардың заңды мүдделерінің өкілдерінен, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алынған ақпарат пен есептілік негізінде бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;

16) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды, заңды тұлғаларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына шақыру;

17) статистикалық есептілікті әзірлеу және Мемлекеттік статистика органдарына табыс ету;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен аумақтық органдарға жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

3-тарау. Департамент қызметін ұйымдастыру кезіндегі басшысының мәртебесі және өкілеттігі

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

4) басқа мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүдделерін білдіреді;

5) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

6) Департаменттің жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарының сақталуына дербес жауапты болады.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

19. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік (ақшалай табысты қосқанда) есебінен қалыптасады.

20. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Департаментке өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен айыруына немесе өзге тәсілмен билік жүргізуіне жол берілмейді.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.